Неблагополучная семья – это семья, в которой имеются дефекты воспитания детей, иначе, где обесцениваются или игнорируются основные семейные социальные функции: всестороннее образование членов семьи, гармоничное воспитание и социализация детей, обучение навыкам поведения в обществе и семье, воспитание уважения к ценностям семейной жизни, передача и закрепление традиций и привычек здорового образа жизни.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Шарипбаева Айнагуль, Жаппарова Акбота, Байтугелова Наталья: Пособие: «Семейное неблагополучие: причины и предупреждение», - Астана, Казахстан, 2001 г.

2 Закон Республики Казахстан «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности» от 9 июля 2004 года № 591.

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 17.09.2012 г.

Е.Н. ЖУМАНКУЛОВА, А.А. БУРОВА
ЖАҒДАЙЫ ТӨМЕН ОТБАСЫ: ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕРІ
E.N. ZHUMANKULOVA, A.A. BUROVA
PROBLEM FAMILY: CONCEPT AND SOURCES

Түйіндеме

Бұл мақалада авторлар жағдайы төмен отбасы ұғымын берді және отбасының әл-ауқаты нашарлауының бастауларын қарастырады.

In this article, the authors define the concept of «a problem family» and examine the sources of family problems.

ӘОЖ 159.923

Е.Н. ЖУМАНКУЛОВА, Т.М. ТАШИМОВА ІШКІ ТҰЛҒАЛЫҚ КИКІЛЖІҢ МАҢЫЗДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Ішкі тұлғалық кикілжің (қақтығыс, шиеленіс) тұлғаның белгілі бір психологиялық мәселені эмоционалды түрде іштей уайымдап немесе қабылдайтын, сол мәселенің шешілуіне бағытталған сананың іштей жұмыс жасауынан көрінетін ішкі тұлғалық қақтығыстар деп түсіндіріледі [1]. Тұлға үнемі ішкі кикілжіңдерді қалыптастырады және оның тасымалдаушысы болып табылады. Сондықтан қарапайым адамдардың барлық өмірі – бұл кикілжің деп айтуға болады және сыртқы кикілжің емес, ешкім одан қашып құтыла алмайтын ішкі тұлғалық кикілжің болып табылады.

Ішкі тұлғалық кикілжіңдерді зерттеу ХІХ ғасырдың соңында басталды. Бұл кезекте философтар-этиктер психологтарды басып озды деп айтуға болады, себебі моральды ішкі тұлғалық кикілжің философиялық әдебиеттерде көрініс тапты. Армандардың, құндылықтардың, рөлдердің өз-өзіне қарама-қайшы келуі, әр түрлі өмірлік жағдайларда бір-біріне қақтығысқа ұшырауы адами тұрмысқа ғана тән қасиет. Өртүрлі бағытталған мотивациялық, мәндік, эмционалды және басқа да тенденциялармен анықталатын субъектінің ішкі әлемінің күрделі құрылысы барлық ғылыми бағыттармен, олардың жеке әдістемелік принциптерінен тәуелсіз мойындалады. Ауыр күйзелістің нәтижесінде адамның психикасы мен ағзасындағы патологиялық өзгерістердің мәселесі психиатрияда және биологияда бұрыннан қарастырылып келеді. Психологияда ХХ ғасырдың төңірегінде интрапсихикалық немесе ішкі тұлғалық кикілжіңдер мәселесі бойынша теориялық және эмпирикалық мағлұматтар жинақталған, сондай-ақ заманауи психологияда кең зерттеліп келеді.

Көп уақыт ішкі тұлғалық кикілжің мәселесінің зерттеуіне көптеген ғалымдар ат салысқан, өз теориялары мен идеяларын алға тартты, олардың пайда болу табиғатын, оның жүру барысының ерекшеліктерін және кикілжіңнен шығу тәсілдерін түсіндіруге тырысты. Ғылыми психологияда ішкі тұлғалық кикілжің феноменін зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі терең психологияның негізін қалаған атақты Зигмунд Фрейд болып табылады. Сондай-ақ бұл мәселені К. Левин, Фрейдтің қызы

А. Фрейд, К. Юнг, К. Роджерс және К. Хорни гуманисттері, А. Маслоу және «логотерапевт» Ф. Франкл және т.б. шетелдік психологтар зерттеді. Өз еңбектерінде интрапсихикалық кикілжің мәселесін зерттеуге үлес қосқан В. Мясисев, В. Мерлин, Н. Левитов, Ф. Василюк сияқты Ресей психолог-ғалымдарды атап өтуге болады. Қазіргі таңда кикілжіңдерді Т. Титаренко, Н. Гришина, Ю. Юрлов, сондай-ақ А. Анцупов және А.Шипилов және басқа ғалымдар белсенді зерттеп келеді. Зерттеудің объектісі болып табылатын психологиялық механизмдерді зерттеу тарихына келетін болсақ, олардың әрекеті мен ерекшеліктерін алғаш рет З. Фрейд сипаттаған. Олардың зерттеу жұмыстарын А. Фрейд, Б. Зейгарник, Е. Романова, В. Каменская жалғастырған. Тұлғаның ішкі кикілжіңдері туралы сұрақ теория және практика жүзінде көптеген еңбектерде қарастырылған, алайда осы күнге дейін психология мен педагогиканың басқа да сұрақтары сияқты ашық болып қалып отыр.

Ішкі тұлғалық кикілжіңнің оны зерттеген барлық теорияларға ортақ сипаттамаларын бөліп көрсетуге болады:

1. Ішкі тұлғалық кикілжің тұлғаның ішкі құрылым элементтерінің өзара әрекетінің нәтижесінде пайда болады;

2. Ішкі тұлғалық кикілжің түрлері тұлға құрылымында болатын қызығушылықтар, мақсаттар, түрткі (мотив) мен армандардың бір уақытта бір-біріне қарама-қайшы келуі және әр түрлі жоспарлануы кезінде алға шығады;

3. Ішкі тұлғалық кикілжің тұлғаға әсер ететін күштердің біркелкі болуынан пайда болады;

4. Қандай да болмасын кикілжің негативті эмоциялармен сүйемелденеді;

5. Қандай да болмасын кикілжің негізі:

– екі жақ позицияларының қарама-қайшылығы;

– екі жақтың түрткі, мақсат және қызығушылықтарының қарама-қайшылығы;

– белгілі бір шарттарда мақсатқа жетудің өртүрлі тәсілдері;

– белгілі бір қажеттілікті қанағаттандыра алмау және сонымен қатар оны жұмсау мүмкіндігінің болмауы.

Көптеген теориялық концепцияларда ішкі тұлғалық кикілжіңнің бір немесе бірнеше түрлері көрсетілген. Ал күнделікті өмірде ішкі тұлғалық кикілжіңнің түрлері өте көп. Ішкі тұлғалық кикілжіңнің жүйесі тұлғаның құндылық-мотивациялық сферасына негізделеді. Психиканың осы маңызды сферасымен тұлғаның ішкі қақтығыстары байланысты, себебі ол тұлғаның қоршаған ортамен өртүрлі байланыстарын және қарым-қатынасын көрсетеді. Осыдан тұлғаның шиеленіске түсетін ішкі әлемінің негізгі құрылымдарын бөліп көрсетеді:

1. Түрткі (мотив) – «қалаймын» (қажеттіліктер, қызығушылық, арман, үйірме және т.б.);

2. Құндылықтар – «міндетті» (қоғамдық нормалар, тұлғалық құндылықтар);

3. Өзін-өзі бағалау – «қабілетті» (істей аламын не істей алмаймын).

Ішкі тұлғалық кикілжіңнің 6 негізгі түрлерін бөледі:

1. Мотивациялық кикілжің (көбінесе психоаналитикалық бағыттарда қалыптасады). Кикілжіңді бейсаналы талпыныстардың арасында, қауіпсіздікке жету, екі жағымды тенденциялардың арасында бөледі;

2. Моральды кикілжің (этикада – моральды немесе нормативті кикілжің). Қалау мен міндет, моральды принцип пен жеке мүмкіндіктер арасындағы кикілжіңдерді қарастырады. Белгілі бір жағдайларда борыш пен борышты сақтаудан күмәнданудан пайда болады;

3. Орындалмаған арман немесе толыққанды дамымағандық кикілжіңі. Арманнан ақиқатқа жету жолын жауып тастайтындықтан пайда болады. Сондай-ақ ол адам өзінің сыртқы келбетімен, физикалық болмысымен және мүмкіншіліктерімен қанағаттанбаған жағдайда қалыптасады;

4. Рөлдік кикілжің. Ол бірнеше рөлдерді бір уақытта жүзеге асыра алмаған жағдайда (рөлдік аралық ішкі тұлғалық кикілжің), сондай-ақ тұлғаның бір рөлді орындау барысында талаптарды әртүрлі түсінумен (ішкі рөлдік кикілжің) байланысты. Бұл түрге екі құндылықтар, стратегиялар немесе өмір мәні арасындағы кикілжіңдер жатады;

5. Бейімдеушілік кикілжің, кең мағынасында субъект пен қоршаған орта арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуынан, тар мағынасында әлеуметтік немесе кәсіби бейімдеушіліктің бұзылуынан пайда болады. Бұл нақты талаптар мен адам мүмкіндіктері арасындағы кикілжің – кәсіби, физикалық, психологиялық;

6. Қалыпты емес өзін-өзі бағалау. Тұлғаның адекватты өзін-өзі бағалауы, оның өз-өзіне талап қоюына, сәттіліктер мен сәтсіздіктерге байланысты. Адамның өзін-өзі дұрыс бағаламуы үрей, эмоционалды шиеленістерін күшейтеді.

Сондай-ақ, «қарапайым» ішкі тұлғалық кикілжің ұзақ мерзімге жалғасуының нәтижесінде невротикалық кикілжің түрін бөледі [2].

Ішкі тұлғалық қаттығыстар әлеуметтік ортаның тұлғаға әсер етуінің нәтижесі болып табылады. Сондықтан, ішкі кикілжіңдер объективті қарама-қайшылықтардың тұлғаның ішкі әлемге әсер етуінің нәтижесі (моральды, бейімдеушіліктік кикілжің) және тұлғаның өз бойында қалыптасқан ішкі қарама-қайшылықтар, яғни тұлғаның қоршаған ортаға деген қатынасы (мотивациялық, орындалмаған арман) болып табылады.

Ішкі тұлғалық кикілжің қобалжудың әсерінен пайда болады. Қобалжу дегеніміз – бұл ішкі тұлғалық қарама-қайшылықтар қалыптасатын және оның шешілуі субъективті деңгейде жүзеге асатын тұлғаның белсенді формасы. Қобалжу сыртқы ортаның әсерінен немесе адамның өз мінез-құлқына байланысты туады. Егер біз өз қажеттіліктерімізді қанағаттандыра алмасақ, өзімізді еркін сезіне алмасақ, өз тобымызда белгілі бір адамдардың әсерінен қолайсыз сезінсек, онда біз фрустрация жағдайында боламыз.

Егер ішкі тұлғалық кикілжің дер кезінде шешілмесе, онда оның салдары қиын нәтижелерге алып келуі мүмкін. Олардың арасында стресс

(күйзеліс), фрустрация және невроз адам денсаулығына өте қауіпті болып табылады. Стресс адамның физиологиялық, психологиялық және тәртіп деңгейлерінің жұмысының бұзылуынан көрініс табады. Фрустрация ашу, ыза, кек, жауыздық, үрей сияқты кері эмоциялармен сүйемелденеді. Ал невроз болса, ішкі тұлғалық кикілжіңнің невротикалық шиеленіске дейін күшейгеннен пайда болатын психогенді күйзеліс. Ол нервті-психикалық жүйенің бұзылыстарымен сипатталады.

Ішкі тұлғалық кикілжіңнің салдары ауыр болғандықтан, бұл мәселе ғылымда әлі де болса толық зерттеліп қойылмаған адами құбылыстардың бірі болып табылады. Психологияда оның бірнеше шешу жолдары бар. Мысалы, көңілге алмау, ішкі сезімдерін сыртқа шығару, өз ашуын басқа бір затқа аудару, ойламау, сезбеу, армандау және т.б. Қалай болғанда да адам ішкі кикілжіңдерден сақтанбаған, сол себепті әр адам ішкі ойларын, толғаныстарын, қобалжуларын мейлінше ашық айта білуі тиіс, және оны уақытында, өзіне жақын адамға немесе кеңес беретін психолог мамандарға қатынасып, өз мәселесін дер кезінде шешсе, үлкен ауыртпалықтардың алдын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Анцупов А.Я., Баклановский С.В. Конфликтология в схемах и комментариях. – СПб.: Питер, 2006.

2 Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология: [теория, методы, практика]. – СПб.: Питер, 2009.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 17.09.2012 ж. редакцияға түсті.

Е.Н. ЖУМАНКУЛОВА, Т.М. ТАШИМОВА
ВНУТРИЛИЧНОСТНЫЙ КОНФЛИКТ КАК ЗНАЧИТЕЛЬНАЯ
ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА
E.N. ZHUMANKULOVA, T.M. TASHIMOVA
INTRAPERSONAL CONFLICT AS CONSIDERABLE PSYCHOLOGICAL
PROBLEM

Резюме

В этой статье авторы рассматривают общую характеристику, виды и последствия внутриличностного конфликта.

Resume

In this article authors examine general description, kinds and consequences of intrapersonal conflict.

А.Р. ЖУНУСОВА

ЭЛЕУМЕТТІК ДЕОНТОЛОГИЯНЫҢ ТҮСІНІГІ

«Деонтология» термині ағылшын философы, экономист және заңгер И. Бентаммен (1748-1832) енгізілген болатын. Бұл терминмен адамгершілік теориясын белгілеген еді. Деонтологияның мән-мағынасын жан-жақты зерттеуіне, сондай-ақ элеуметтік деонтологияға үлкен көңіл бөлген Қ.М. Кертаяваның пікірі бойынша, «деонтология» термині анықтама көздерінде аз кездеседі. Шыныменде, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі шығарылған энциклопедиялық және басқа да сөздіктерді зерттеу жұмысы мұны дәлелдейді. Онда деонтология (грек тілінен deontos – парыз, парыздылық+logos – сөз, ілім). Деонтология – парыз бен парыздылық мәселелерін зерттейтін этиканың тарауы; моральдық-этикалық нормалар мен медицина қызметкерлерінің науқасқа қатысты мінез-құлық принциптері жайлы ілімі [1].

Қ.М. Кертаяваның пікірінше, деонтология «адам-адам» кәсіби әрекет жүйесінде басым орынға ие. Сонымен қатар, бұл жайтты былайша түсіндіруге болады, осы қазіргі әрекет ету ортасындағы шарттар негізінде деонтология жайлы нақты бір ілімдері қалыптасты:

- медициналық (дәрігерлік) деонтология – адамгершілік қатынас принциптерінің қосындысы, дәрігерге келген сау немесе науқас адаммен кәсіби сұхбаттасу тәсілдері (А.Ф. Билибин, Б.Е. Вотчал, Ф.П. Гааз, А.А. Грандо және т.б.);

- педагогикалық деонтология – педагогтың кәсіби парыздылыққа сәйкес мінез-құлығы жайлы ілім (О.Б. Боталова, Г.М. Коджаспирова, Е.Н. Жуманкулова және т.б.);

- психологиялық деонтология – «көмек беруші – көмекті алушы» арасындағы өзара қатынасының этикалық аспектілері және көмек беруші мамандардың моральдық беріктігін қамтамасыз ететін психологиялық тұлғалық механизмдер (М.А. Гулина, А.А. Крылов, И.В. Силуянова, А.И. Юрьев және т.б.);

- элеуметтік қызметкердің деонтологиясы – кәсіби-этикалық нормалары және мінез-құлық пен әрекеттің принциптері (Л.М. Анисимова, Н.Ю. Гуревич, Л.П. Козыревская, Г.П. Медведева және т.б.);

- заңгерлік деонтология – заңгерлік ғылымның саласы, жалпыланған жүйе ретінде ұсынылатын заңгердің кәсіби мінез-құлығы жайлы кодексі ретінде көрінеді (Н.М. Блохин, В.М. Горшенев, Ю.А. Романов және т.б.);

- журналистикалық (тілшілік) деонтология – тілшінің кәсіби мінез-құлқына қажетті талаптар, нормалар мен принциптердің жүйесі: БАҚ жұмыскерінің жауапты мінез-құлығындағы этикалық мен құқықтық нормалардың тізімі; БАҚ-ның табиғатымен белгіленген осы немесе басқа да жағдайларда іске асатын дәрежелі императивтері тілшілік мінез-құлықтың

жүйесі ретінде, түсінуінен тыс «қызмет етуші» тілшілік парызының қызметі мен нормаларының жиынтығының іске асырылуымен жүреді (Е.П. Прохоров, Ю.М. Батулин, Я.Н. Засурский және т.б.) [2].

Айта өтетін жайт, бұл парыз мәселесі тек «адам-адам» жүйесінде ғана орын алмайды, ол «адам-техника», «адам-табиғат» және т.б. жүйелерде кездеседі. Әрбір ортада өзінің парыз нормалары мен жауапкершілік құндылықтары болады, олар болашақ мамандардың кәсіби дайындығының үрдісін қалыптасуын қамтамасыз ету және есептеуді қажет ететін, ал ең бастысы, маманның әр күнгі кәсіби қызметінің көрініс қалыптастыру болды. Деонтологияның маңыздылығын осы және басқа қызмет ету ортасында дұрыс бағалай алмау, «адам-техника», «адам-табиғат» жүйелерінде техногендік және экологиялық зор апаттарға әкелуі мүмкін.

Деонтологияның ерекше ісі элеуметтік қызметкерлер болады. Ол жайлы Қ.М. Кертаяваның, Г.А. Караханованың және басқа да ғалымдардың зерттеу мәліметтері куәландырады. Сонымен қатар Г.А. Караханова [4] мұғалімнің деонтологиялық мәдениеті үздіксіз кәсіби-педагогикалық дайындық жүйесінде элеуметтік білім беруді сипаттайтыны жайлы әділетті пікір айтады. Бұл білім беру болашақ қызметкердің элеуметтік қызметке, объектіге және осы қызметтің нәтижесіне қатынасын анықтайтын тұлғаның сапасын қалыптастыруға көмектеседі. ЖОО-да деонтологиялық мәдениеттің тек негізі салынады. Осылайша, мұндай құрылымға келуге болады, мұғалім деонтологиялық дайындықпен сипатталады, ол ЖОО-да негізі салынады және үздіксіз педагогикалық әрекеттің қолдауына ие және бекітіледі;

Деонтология мәдениеті (Г.А. Караханованың) – тұлғаның сапалығының негізі ЖОО-да қалыптасып және әр күн сайын қоғамдағы оқыту ортасының элеуметтік-мәдени талаптардың ауысу есептерімен дамып отырады. Олардың пайда болуы мен өздеріне қойылған талаптары элеуметтік қызметкердің кәсіби әрекетінің мазмұнымен анықталады: қайда (қандай мекемеде) және кіммен (қандай дәрежелі адамдармен) жұмыс істейтіндігі, сонымен қатар, жұмыс барысында қандай басым мақсаттар қоятындығы.

Элеуметтік деонтология – бұл элеуметтік-мәдени ортада элеуметтік қызмет әрекетімен айналысатын адамның, элеуметтік қызметкердің кәсіби мінез-құлық әрекетінің ережелері мен ұстанымдары, нормалар мен адамгершілік талаптары жайлы ілім. Ол әрбір адамға арнайы элеуметтік-мәдени ортада өзін кәсіби қызмет немесе мінез-құлық арқылы қалыптастыратын немесе ықпал ететін құбылыс, сондай-ақ ол элеуметтік қызметкерге қатысты өзгеше ілім ретінде ұсынылады.

Деонтологиялық көріністің алғашқы жағдайында элеуметтік қызмет сипатындағы адамға маман ретінде қатынасын байқауға болады. Бұл адам кәсіби парыз бен жеке дара мүмкіндіктерінің маңыздылығын түсіну өлшемінде сәтті және сәтсіз түрде белгілі бір сападағы өнім шығарады және

кәсіби әрекеттің әлеуметтік-мәдени ортасына әлеуметтік ықпал жасайды. Мұндай ықпал оң немесе жағымды болуы мүмкін, яғни еңбек ұжымын бірлесіп және бір ауызды кәсіби әрекет етуге түрткі болу, сонымен қатар теріс ықпал жасауы да мүмкін, онда шиеленісті жағдайды туғызып басқыншылық пен наразылыққа итермелейді.

Екінші жағдайында әлеуметтік қызметкердің деонтологиясы жайлы сөз қозғалады – бұл әлеуметтік қызметкердің кәсіби мінез-құлқысы мен әрекетін анықтайтын ережелер мен ұстанымдар, нормалар мен құндылықтар, кәсіби-этикалық талаптар жайлы ілім. Бұл құндылықтар, талаптар, нормалар, ұстанымдар мен ережелер жартылай маман қызметінің міндеттерінде бейнеленеді. Бірақ барлығын нұсқамаға енгізе алмайсың. Әрбір мамандыққа тән мінез-құлық пен кәсіби іс-әрекеттің «жазылмаған» ережелері бар. Мұндай ережелер әлеуметтік қызметкерде де бар.

Назар аударуға тұрарлық жайт, бұл ресей «Әлеуметтік педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлердің одағының» қоғамдастығымен ұсынылған «Әлеуметтік қызметкер мен әлеуметтік педагогтың этикалық кодексі». Өзінің мәнімен – бұл әлеуметтік қызметкердің мінез-құлқының этикалық стандартын, ұстанымдарын, маңызды құндылықтарын өз құрамына енгізетін теориялық негіздер [3]. Әлеуметтік әрекеттің негізгі құндылықтары:

– адам құндылықтары мен толеранттылығы – әлеуметтік қызметкер әрбір адамды бағалы деп тану – әлеуметтік әрекеттің объектісі (баланы, оның ата-анасын, жасөспірімдерді, ересек адамды) және өзінің қабілеттерін іске асыру құқығы, өмірлік позициясын тәуелсіз таңдау құқығы өзінің және өзара әрекет қатынасындағы басқа да адамдардың қызығушылықтары мен құқықтарының іске асырылуына кедергі болмау шартымен. Әлеуметтік қызметкер әлеуметтік әрекеттің объектісіне достық пейілмен, оның көзқарастарына, құндылықтарына, мәдениетіне, мақсаттарына, қажіттіліктеріне, таңдауларына құрметпен қарауға, қажет жағдайда педагогикалық құралдар арқылы әлеуметтік-мәдени орта мен осы тұлға мүддесіне оң әсер ету жағдайында өзгертуге тырысу. Ол өзарақатынасын олармен толеранттылық негізінде іске асырады;

– әлеуметтік әділеттілік және гуманизм – әлеуметтік әділеттілік пен әрбір әлеуметтік әрекеттің объектісіне қатынастың тең дәрежелі болуы, яғни оның тектігіне, этникалық және мәдени шығу тегіне, классқа, орны, жынысы, жасы, діни көзқарасына қарамастан тең құқылығы;

– компетенттілігі (кәсібилігі) – әр түрлі кәсіби әрекет міндеттерін шешуде әлеуметтік қызметкердің кәсіби дайындығы; әрдайым кәсібилік деңгейін жоғарылату жұмысы, жаңа білімдерді игеру, тәжірибе әрекетіндегі білік пен дағдыны дамыту;

– әлеуметтік белсенділік, мобильділік және серпімділік – әлеуметтік қызметкердің ең маңызды кәсіби сапалары. Олар оның жасына, әлеуметтік статусына, мәдениетіне, діни көзқарастарына, әлеуметтік-мәдени ортаның

ерекшеліктеріне, сонымен қатар осы әрекет үрдісінде тұратын мақсат пен міндеттеріне байланысты әлеуметтік-педагогикалық әрекеттің түрлі адам-объектісімен мақсатты түрде өзарақатынас құрауға көмектеседі.

Сонымен, әлеуметтік деонтологияның негізгі ұстанымдарын қарастырайық:

– адамды қандай болса, сондай қалыпта қабылдау. Әлеуметтік қызметкерге түрлі дәрежелі адамдармен жұмыс істеуге тура келеді, оған әлеуметтік мәселелерді мақсатты түрде шешу болашақ маман үшін қатынас жасау есебімен жүргізіледі;

– әлеуметтік әрекет объектісінің өзараәрекет үрдісінде жеке өзіндік шешім қабылдау құқығын құрметтеу. Объект қылығының рационалдылық (ирроционалділіктің) дәрежесінің тәуелділігінен қарамастан, әлеуметтік қызметкер оны өзін-өзі көрсетуге (моральді және материалды, психологиялық және физикалық) зорламайды. Бұл аса ерекше тәрбиеленушінің ата-анасымен, ересек адамдармен әлеуметтік жұмыс жүргізгенде көрінеді. Әлеуметтік қызметкердің әлеуметтік әрекеттің объектісімен өзарақатынас құралы ретінде тек дәлелдері мен пікірлер, сендіру логикасы, этикалық құндылықтар, кәсіби тәжірибе ойнайды;

– әлеуметтік қызметкердің әлеуметтік әрекет объектісімен құпиялы қызметестігі;

– әлеуметтік қызметкердің өз әрекетінің нәтижесі үшін жуапкершілігі. Ол өз алдында, өзінің мамандығы, мамандықтың беделін жоғарылату, қоғамдағы әлеуметтік орны, түрлі кәсіби әрекет түрлерінің қатынасындағы топаралық және тұлғааралық қатынастың маңыздылығы үшін жуапты;

– әлеуметтік қызметкердің әлеуметтік әрекет объектісімен өзара қатынасындағы парасаттылығы. Біреулердің қызығушылықтары екіншілерінен аспауы керек, яғни басқаларына шығын келтірмеуі қажет [3].

Әлеуметтік қызметкерлер мемлекеттік әлеуметтік институттардың, қоғамдық мемлекеттік емес ұйым мен бірлестіктер мүшелері болып, әлеуметтік әрекетінің объектісінің қызығушылықтары негізінде жұмыс істейді, кейде қызметтік нұсқамада жазылғаннан гөрі көбірек істер атқарады. Олар кәсіби қызмет жолында кездесетін қысым мен ықпалдарға бас иемеуі керек. Тәрбиеленушіге, оның ата-аналарына, басқа адамдарға жақсылықты тілеу әлеуметтік қызметкерге қажетті өзара әрекетті қамтамасыз етеді, сыпайы түрде қателік пен жетіспеушіліктерге сілтейді, өзін-өзі басқарудағы қиындықтары мен мәселелерді жеңуге көмектеседі. Бұл жағдай ерекше балалармен жұмыс істеген кезде көрінеді, себебі оларға бұл менің міндетім емес деп түсіндіре алмайсыз. Мәселе туындаған соң, оны шұғыл түрде шешу қажет.

Әлеуметтік қызметкердің мінез-құлқының этикалық үлгіқалпы кәсіби қызметтің адамгершілік нормаларын әлеуметтік қызметтің және мінез-құлықтың этикалық құндылықтары, ұстанымдары мен ережелерімен сәйкес анықтайды:

– әлеуметтік қызметкер мамандығына қатысты этикалық мінез-құлықты ұстануы (балаға, оның ата-анасына, жасөспірімдерге, ересек адамдарға): этика Кодексын ұстану, этикалық мінез-құлықтың үлгіқалпын, ұстанымдарын, ережелері мен құндылықтарын бекіту; әлеуметтік жұмыстың беделін жоғарылату; қол жеткізген тәжірибелік жұмыс нәтижелерін сыни бағалау, кәсіби және жеке мүмкіндіктерін асыра бағалаудан сақтану;

– әлеуметтік қызмет объектісіне этикалық мінез-құлық қатынасы: әлеуметтік-педагогикалық әрекеттің ұстанымдарын ұстану; әлеуметтік әрекеттің объектісі жайлы ақпаратты және қолжетімділігін конфиденциалды сақтауға қамтамасыз ету; өз жұмысының нәтижесі үшін жауапты болу; жұмыс жүргізген адамға, ата-анаға, тәрбиеленушіге қатысты жеке парасаттылық; жеке ұмтылыстарын құрметтеу, жеке дара ерекшеліктерін, әлеуметтік әрекет объектісінің талабын есептеу және бірлесіп істеген жұмысқа шығармашылық амал табу; кез келген дискриминация (қысым, бөлушілік) түрлерін қабылдамау: ұлттық, жас ерекшелік, дін ұстанушылық, отбаслық статуска, ақыл-ой және физикалық кемшіліктер, артықшылықтар, жеке дара сипаты бойынша;

– әріптеске қатысты этикалық мінез-құлық қатынасы: мамандандыруға, кәсіби дайындық деңгейі мен тәжірибелік жұмыстағы тәжірибесінің мөлшеріне қарамастан әріптестеріне құрметпен қарау; әріптестердің, басқа мамандардың пікірлері мен тәсілдерін құрметтеу;

– өзара әрекет етуші ұйымдарға қатысты этикалық мінез-құлық қатынасы: жақсылық тілеу, әлеуметтік қызметкердің әрекеті этикалық Кодекске қарама-қайшы еместігі және бұл ұйымдардың тағайындалуы мен мүмкіндіктерін есептей отыра әлеуметтік қызметкердің жұмыс жүргізетін адамдардың мүдделеріне өзара әрекет етуге бағдарлану; өзара әрекет етуші ұйымдарға берілген сөздердің міндеттілігі; топтық әлеуметтік жұмыстағы белсенділік, әрбір қызметкердің әрекетіне жағымды жағдайларды ұйымдастыру.

Қорыта келгенде, әлеуметтік деонтологияның әрекет мазмұны мен мәнін жалпы аша отырып, атап өтетін жайт, бұл олардың арнайы талдау мен әрі қарай зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Профессиональное образование: словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика/ Спец. науч. ред. И.Г. Лебедева. - М.: НМЦ СПО, 1999.
- 2 Кертгаева Г.М. Основы педагогической деонтологии: учеб. пособие. - Павлодар, 2009.
- 3 Кодекс этики социального работника и социального педагога. - М.: ООО ССПиСР, 2006.
- 4 Караханова Г. А. Формирование деонтологической культуры учителя в системе непрерывного профессионального образования: Дис. д-ра пед. наук. - М., 2007.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 20.08.2012 ж. редакцияға түсті.

А.Р. ЖУНУСОВА
О СОЦИАЛЬНОЙ ДЕОНТОЛОГИИ
A.R. ZHUNUSSOVA
ISSUES ON SOCIAL DEONTOLOGY

Резюме

В данной статье рассматривается проблема социальной деонтологии. При этом показателем общей профессиональной готовности должна выступать комплексная характеристика, заключающая в себе не только знания, умения, навыки, но и его личные качества, обеспечивающие аспект должного в профессиональной деятельности.

Resume

The present article deals with the problems of deontological readiness of a social worker. The indicators of professional readiness should be represented by comprehensive characteristics, which include not only knowledge and skills, but its personal features providing the aspect of adequate in professional activity.

ӘОЖ 37.036

А.Р. ЖУНУСОВА, Г.К. КАСЫМБЕКОВА ҚАБІЛЕТТЕР ТАБИҒАТЫ, ОНЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Философияда «қабілеттілік» тұлғаның белгілі бір әрекеттерді орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық-тарихи әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратынын көрсетеді.

Адамдардың қабілетінің табиғаты осы күнге дейін ғалымдар арасында қызған ой-пікір таласын тудыруда. Ғылыми зерттеулер әр адамның қабілетін оның миының көлемі және салмағымен байланысты деп түсіндірді. Кейінірек зерттеулерде ең ауыр ми ақыл-ойы кеміс адамның миы болып шыққаннан кейін, бұл болжамды теріске шығарды. Өмір бақылаулары мен арнайы зерттеулер қабілеттің табиғи берілетінін қалтықсыз дәлелдеп отыр. Көптеген ғалымдар Платонның пікіріне сүйенді. Яғни, қабілеттіліктің пайда болуы тұқым қуалаушылықтан болады. Ал оқыту және тәрбиелеу олардың

ары қарай даму үрдісін жылдамдатады. Оған дәлел ретінде, ұлы танымал адамдарды мысал етті (Моцарт, Рафаель, т.б.).

Адамның психикалық ерекшелігі «қабілеттілік» туралы ойлар, сонау антик заманында өмір сүрген грек философтарының еңбектерінде, қайта өрлеу дәуірі ғалымдарының еңбектерінде көптеп кездеседі. Қабілеттілік пен дарындылық тек өнер адамдарда ғана байқалып, жекелеген адамдардың табиғи қабілеттіліктің болуы күдіреті күшті құдайдың жарылқағаны деп есептеген [1;21].

Платонның айтуынша, адамдар өздерінің қабілеттіліктеріне қарай әртүрлі болады, біреулері басқару үшін, біреулері бағыну үшін дүниеге келеді деген. Дегенмен, бұл ойларды теріске шығаруға әрекет жасағандар да болды [2;45].

Қабілеттілік туралы ой-пікірлерді дамытудың маңызды кезеңі бұл испан дәрігері Хуан Уарте есімімен байланысты. Ватиканның қарсылығына қарамастан «Исследование способностей к наукам» (1575 ж.) кітабы жарық көріп, барлық Еуропалық тілдерге аударылды. Оның зерттеулерінің негізгі мақсаты адамдардың жеке басындағы қабілеттілікті анықтай отырып, болашақта кәсіби маман таңдауда ескеру болып табылады [3;89].

XIX ғасырдың екінші жартысында қабілеттілікті зерттеудің жаңа кезеңі басталды, психологиялық тестілеу, онымен бірге ғылымның жаңа бағыты ретінде даралық ерекшеліктердің психологиясы (дифференциалды психология) пайда болды.

Қабілет мәселесі арнайы психологиялық зерттеудің пәні ретінде ағылшын ғалымы Ф. Гальтон ұсынған адамдағы ерекшеліктердің эксперименттік және статистикалық зерттеулерінің негізінен болып табылады. Ф. Гальтон адамдардың жеке дара ерекшелігі мәселесін зерттеп, 1869 жылдан бастап ғылыми зерттеулер жүргізе бастады. Сонымен бірге ұлы да қабілетті адамдардың өмірлерін бақылай келе кез келген деңгейдегі қабілеттілікте тұқым-қуалаушылық негізгі шарт деген қорытындыға келді [4;56].

XX ғасырда неміс психологі У. Штерн жеке дара ерекшеліктерді зерттеп, жеке даралық психологияның негізін қалады. Сонымен бірге ол адамның ақыл ойын анықтауға арналған «қабілеттілік коэффициентін» ұсынды, әрі ақыл-ой қабілеттілігіне мынандай анықтама берді: «Ақыл-ой қабілеттілігі - өз ойын саналы түрде жаңа талаптарға қарай бағыттаптын, жаңа міндеттер мен өмір жағдайына бейімдейтін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі» [5;123].

Қабілет мәселесіне терең талдау жасаған Б.М. Тепловтың пікірінше, қабілетті дамытпау, көрсете білмеу, біртіндеп айырылу дегенді көрсетеді. Оның дәлелдеуінше, белгілі бір күрделі іс әрекетті жүзеге асыруда қабілеттіліктің бір ғана түрі жеткіліксіз, сондықтан бірнеше түрлерінің жиынтығы қажет болады [6;78].

Бір адамның бойында бірнеше әртүрлі қабілет болуы мүмкін, бірақ олардың бірі басқаларға қарағанда мөңдірек болады. Екінші жағынан бірнеше әртүрлі адамдарда бір ғана қабілет байқалуы мүмкін, бірақ даму деңгейлері бойынша өзара өзгешеленеді.

Б.М. Тепловтың ғылыми зерттеулерін одан ары қарастырған В.Д. Небылицин қабілеттерде және дарындылықта ең алдымен жеке даралық айырмашылықтарға назар аудару керек делі.

Адам қабілетінің әртүрлі болуын ұлы физиолог И.П. Павлов сигнал жүйелерінің өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіреді. Мұны бала қандай да бір іс әрекетпен айналысқанда көріп байқауға болады. Сигнал жүйелерінің арақатынасының ерекшеліктеріне орай И.П. Павлов адамының жоғары жүйке жүйесінің үш түрін келтіреді. Олар көркем, ойлағыштық және орта түр болып бөлінеді. Бірінші түріне жататындар әсершіл, қызу қанды, ашық, ақжарқын, болып келсе, екіншілері көргені мен естігенін әуелі ой елегінен өткізіп, талдағанды, саралағанды жақсы көреді, ал үшіншілері аса талантты, дарынды жандарды қамтиды. Адамның қай түріне жататындығына қарай оның қабілетін де анықтауға болады. Қандайда болмасын бір нәрсеге қабілеті болмайтын адам болмайды. Ол біреуде күшті, біреуде шамалы болып келуі мүмкін [7;254].

Б.Г. Ананьев еңбектерінде қабілет және дарындылық жеке адамның мінезімен, темпераментімен, өмірлік бағыттылығымен және жеке даралық психикалық дамуымен байланысты жеке адамның жалпы құрылымының қандай да бір бөлігі ретінде қарастырылды.

Белгілі психолог С.Л. Рубинштейн қабілеттіліктің шығу тегі психикалық үрдістерден пайда болады дегенді. Ол қабілеттің құрамының, құрлымының анықтамасын жасайды: қандай да бір іс-әрекетті орындауға адамды жарамды ететін әрбір қабілеттің құрамына, үнемі әрекеттің бірқатар операциялары немесе тәсілдері енеді, кейін солар арқылы іс-әрекет жүзеге асады.

Н.С. Лейтес дарынды балаларды зерттей келе, олар еңбекке тартымдылығымен өзгешеленетін және «еңбектен қанағаттануды» сезінетін нағыз кішкентай еңбекқорлар болып табылады, деп көрсетеді. Бұл тұжырым маңызды ереже жасауға итермелейді. Еңбекке бейімділік дарындылықтың көрінуі ретінде болады [8;25].

В.А. Крутецкий, өзінің көрсеткен классификациясында: икемділік, тез байқағыштық, еске сақтау, терең ойлау қабілеті бар, оның келешекте мамандық таңдауына көп көмектесетінін айтқан. Сонымен бірге В.А. Крутецкий өзінің математикалық қабілеттіліктің құрлымын зерттеген еңбегінде, егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілеттіліктерінің жиынтығының бірлігі деуге болады деп тұжырымдайды.

Қабілет адамның әрекеттің бір түрімен айналысуға мүмкіндік беретін бейімділікте байқалады. Бейімділік пен қабілеттілік бір-бірімен тығыз байланыстағы туыс ұғымдар. Өйткені адамның бір нәрсеге қабілеттілігі оның бір нәрсеге бейімділігіне орай қалыптасады.

Бейімділік адамның белгілі бір әрекетпен айналысуға деген құлшынысы оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі.

С.А. Изюмова мнемикалық қабілеттерді және оның табиғи алғышарттарын комплексті зерттеу және оның оқу әрекетіндегі нәтижелілігімен салыстыру мәселесін көрсетті [9;231].

Э.А. Голубеваның зерттеулері көрсеткеніндей таным функцияларының жеке даралық типтік ерекшеліктерінде өте айқын көрінетін дихотомия-вербалды және вербалды емес болып табылады. Бұл танымдық қабілеттердің ең негізгі психологиялық сипаттамасының негізгі мәні физиологиялық деңгейде түсіндіріледі: олардың қалыптасуының «релевантты» табиғи негізі болып жоғары жүйке әрекеттерінің арнайы адамға тән типі болып табылады.

М.А. Матова, З.Г. Гуровская зерттеулері көрсеткендей, 9-10 жасар балалардағы таным қабілеттерінің сипаттамасы да вербальды емес функцияның басым күштілігімен, қабылдау, ес және ойлаудың образдылығы мен эмоционалдылығымен, сөйлеудің локализациясының оң жарты шарлар типіне тән етуге қарағанда көру латерализациясының күштілігімен байланысты [10;47].

Танымдық қабілетті зерттеуде балалардың дамуындағы жас ерекшеліктерге көп көңіл бөлінді. Н.С. Лейтес, жеке балалар жас ерекшеліктеріне тән қабілеттердің дамуының алғышарттары жеке даралық қабілеттердің дамып өсуінің негізі, - деп, жан-жақты негізделген тезис жасайды. Бұл ереже Е.П. Гусеваның зерттеуіндегі 6 және 14-16 жасар балалардың жас және жеке даралық ерекшеліктерін салыстыруға байланысты жүргізілген экспериментпен дәлелдене түсті.

Ал қазақ топырағында жеке тұлғаның қабілетін дамыту мәселелерін XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ағартушылары А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов шығармаларынан көруге болады. Абай атамыз адамды қоршаған орта табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Адамның ойы мен санасы еңбек іс әрекеті нәтижесінде қалыптасып, дамиды деп тұжырымдайды.

Ш. Уәлиханов жеке тұлға тәрбиесінде білім мен тәрбие шешуші рөл атқарады, адам қабілетінің дамуына бейімділігінің, ынтасының маңыздылығы зор екенін айтады.

Ж. Аймауытұлы әр адам белгілі бір кәсіптің түрін таңдап алатынын, мұнда ол өзінің тұрмысынан бірілетін ерекшеліктерін, іс-әрекеттің қандай түріне бейім екенін аңғара алуы керек дейді. Сонда ғана ол өзіне қажетті мамандықты дұрыс таңдай алады [13;156].

Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде адамның жалпы рухани дамуы туралы айта келіп, жеке тұлға мәселесін ақыл-ой қабілеттілікпен тығыз байланыста қарастырады.

Соңғы 30-40 жыл ішінде психологтар мен басқа да ғалымдар арасында қабілеттің дамуында биологиялық фактор мен тіршілік ортасының, әсіресе

элеуметтік ортаның қатынасы мен ықпалы жайында пікір айтыстары болып келгені мәлім. Дегенмен, мұндай пікірталастар белгілі бір тұрақты қорытынды шешімге келе алған жоқ.

Барлық қабілеттің түрлерінің дамуын қамтамасыз ететін ең негізгі фактор іс-әрекет, олай болса балалардың негізгі іс-әрекеті ойын әрекетін белсендіре отырып, шығармашылық қабілетті дамытуға болатындығы дәлелдене түседі. Онымен байланысты дарындылық факторы ретінде еңбек қабілеттілігі жатады.

Жалпы және еңбек психологиясындағы білімдарлық қабілеттілікті анықтаудың бірден бір параметрі Н.А. Мечинскаяның пайымдауынша, білімді игеруге деген қабілеттілік білімдарлықтың негізі болып есептеледі [11;234].

Қабілетті анықтаудың біршама сенімді, дұрыс жолы бұл іс-әрекет барысында оның нәтижелік динамикасын көрсету. Кез-келген іс-әрекеттің орындалу нәтижесі өз алдына қандайда бір жеке қабілетті анықтаумен емес, әрбір адамдағы өзіне тән қабілеттердің үйлесімділігімен анықталады.

Қабілет - бір немесе бірнеше іс-әрекеттерді нәтижелі орындауға қатысы бар жеке даралық психологиялық ерекшелік және өзінде бар дағды, ептілік және білімдерге сәйкестенбестен-ақ бұл білім мен дағдыларды жеңіл әрі тез меңгерумен түсіндіруге болады деп жазады. Қабілет бұл дамудың нәтижесі, ал нышан қабілет дамуының негізінде туа пайда болған анатомиялық-физиологиялық ерекшелік. Қабілетті реалды зерттеуші оны туа және жүре пайда болған «қоспалық» деген түсінік жұмыс істейді және ол үшін де, потенциалды мүмкін-шіліктері бар

Жеке адамның психологиялық қасиеті ретінде адамның қабілеттер сапасы, көлемі бойынша, олардың үйлесімділігінің өзіндік ерекшелігі, даму дәрежесі бойынша бөлінеді. Әрбір адам негізінде жеке даралық сипат болады: конституциялы ерекшеліктері, мидың нейродинамикалық қасиеті, ми жарты шарлардың функционалды ассиметриялық өзгешеліктері және т.б.

Американдық ғалым Блум әйгілі адамдарға зерттеу тәжірибесін жүргізіп, оның нәтиже көрсеткішінен, осы адамдардың қабілеттерінің толық дамуының тәрбиелік және білімділік әдістерінің моделін ұсынды. Блумның айтуынша, қабілеттің ерте дамыған түрлері, егер белсенділік және арнайы оқыту әдістері болмаса, ол ары қарай дамымағандықтан, күйреуге ұшырайды.

Шетел психологиясында жалпы және арнаулы қабілеттіліктердің бөлінуі факторлық талдаудың көмегімен алынған өртүрлі факторларға негізделді. Бұл зерттеулерді Ч. Спирмен, Дж. Гилфорд, Л. Терстоун, Э.П. Торренс, Р.Б. Кэттел т.б. жүргізіп, эксперимент нәтижесінен алынған мәліметтермен дәлелдеді [12;238].

Кез келген адамзат бала кезден өмірде үлкен жетістіктерге жетуді армандайды. Кейбіреулерінде ерте кезден бастап белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілік байқатады (би билейді, сурет салады, өлең айтады, белгілі бір музыкалық құралда ойнайды, мүсін са-лады), ал басқа біреулерінде қандай да бір әрекетке бейімділігі байқалмай қалады. Бірақ, бұл қабілеттілікті қалыптастырып,

жүйелі дамытып отырмаса, ол қасиет жас өскен сайын бірте-бірте жойыла бастайды, жас жеткіншектің болашақ кәсіби өміріне бағыт-бағдар бере алмайды.

Қабілет түсінігінің бүгінгі ғылым қабылдап отырған анықтамалар төмендегідей:

1) Қабілет - бір адамды екіншісінен ерекшелендіретін дара психологиялық ерекшелік;

2) Қабілет барша тұлғаға тән болған ортақ сапа емес, кей адамға ғана дарыған қандайда бір не бірнеше іс-әрекетті табысты орындауға жарайтын өзара ептілік;

3) Қабілет - нақты адамда топталған білім, ептілік және дағдылардан оқшау қажет әрекетті игеру желісінде ғана көрінеді.

Сонымен жоғарыдағы анықтамаларға негізделіп, мынандай қорытынды жасауға болады, яғни, қабілеттер – іс-әрекетте көрінетін және оның орындалуының шарты болып табылатын адамның жеке даралық психологиялық ерекшелігі. Қабілетке білімді, ептілікті және дағдыны меңгеру процесінің жылдамдығы, тереңдігі, жеңілдігі және мықтылығы жатады, бірақ қабілеттің өзі білім мен ептілікке әкеп соқпайды. Зерттеулер бойынша қабілет өмірлік қалыптасу, олардың дамуы жеке даралық өмір барысында жүреді, ал орта, тәрбие оларды белсенді қалыптастырады.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда кәсіби жетістікке қабілеттілік, білімділік, шығармашылық арқылы ғана жетуге болады. Сондықтан ата-аналар, мұғалімдер дер кезінде балалардың жеке қабілеттілігін, бейімділігін анықтап және оны дамытса, оның негізінде олардың болашағына бағыт берсе бүкіл дүние жүзіне өзінің елдігін, саясатын танытатын Жан-жақты дамыған дарынды тұлға болып қалыптасуына көп ықпалын тигізеді. Осы аталған мәселенің өзектілігі соншалық, жеке тұлғаның қабілеттілігін дер кезінде анықтап, оны қолдап отыру қажеттілігі дәлелдеуді қажет етпейді. Олай болса, қабілет өніп, өркендеуі үшін қолайлы жағдай мен сыртқы ортаның қажетті факторларын талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ананьев Б.Г. О Проблемах современного человекознания. - М.: «Наука», 1977. – 321 с.
2. Дружинин В.Н. Психология общих способностей – СПб.: «Питер Ком», 1999. – 435 с.
3. Ждан А.Н. История психологии. От античности до наших дней. - М., 1990. – 124 с.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: «Санат», 1995. – 198 б.
5. Жұмабаев. М. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 367 б.
6. Ильин Е.П. Психология индивидуальных различий. – СПб.: «Питер», 2004. – 564 с.

7. Еникеев М.И. Общая и социальная психология. Учебник для вузов. – М.: «НОРМА», 2002. – 297 с.

8. Лук А.Н. Мышление и творчество. - М.: «Политиздат», 1976. – 458 с.

9. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СПб.: «Питер Ком», 1999. – 578 с.

10. Столяренко Л.Д. Основы психологии: Учеб. пособие. – Ростов на Дону: «Феникс», 2005. – 380 с.

11. Лейтес Н.С. Возрастная одарённость и индивидуальные различия. – М., 1997. – 187 с.

12. Ярошевский М. Г. История психологии. - М., 1985. – 684 с.

13. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. - Алматы, «Білім», 2000. – 298 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 20.08.2012 ж. редакцияға түсті.

Г.К. КАСЫМБЕКОВА, А.Р. ЖУНУСОВА
ПРИРОДА СПОСОБНОСТЕЙ, ЕЕ РОЛЬ В РАЗВИТИИ ОДАРЕННОСТИ
G.K. KASUMBEKOVA, A.R. ZHUNUSSOVA
THE NATURE OF ABILITIES, ITS ROLE IN TALENTS DEVELOPMENT

Резюме

В данной статье рассматривается понятие способностей и проблемы их изучения. Объектом исследования в настоящей статье является процесс развития способностей. Предметом исследования является взаимосвязь способностей и особенностей интеллектуального развития. Целью настоящей статьи является выявление и комплексное исследование в теоретическом и практическом аспектах основных проблем, связанных с выявлением способностей. Актуальность выбранной темы исследования определяется задачами практики по выявлению способностей и их развития. В настоящее время нет единого мнения о понятии способностей, нет единой программы по выявлению и их развитию. Данная программа обеспечивала бы интенсивное развитие исследований и использование накопленного практического опыта выявления способностей одаренных и талантливых детей, а также оказание им психологической помощи. В работе приводятся мнения авторов о понятии способность. Дается авторское толкование понятию способность.

Resume

This article deals with the concept of capabilities and the problem of their examination. The research object in the given article is the process

of developing flairs. The subject of the research is intercommunication of capabilities and features of intellectual development. The aim of the article is revealing and complex research in theoretical and practical aspects of the basic problems related to the exposure of capabilities. Actuality of the chosen theme of research is determined by the tasks of practice on the exposure of capabilities and their development. Presently there is no common opinion on concept of capabilities, there is no single program on exposure of capabilities and their development. This program would provide intensive development of researches and use of the accumulated practical experience of exposure of capabilities of the gifted and talented children, and also providing them with the psychological help.

In the work the opinions of authors about the concept of ability are given. The authors' interpretation to the concept of ability is given.

ӨОЖ 37.037

А.Р. ЖҮНИСОВА, А.Ж. КУВАТОВ
ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРГЕ ДЕГЕН БЕЛСЕНДІЛІК
ҰСТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАЗМҰНЫ

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан кеңістігіндегі ұлттық ойын арқылы жастардың өмір сүру үдерісіндегі белсенділік ұстанымын қалыптастыру толыққанды зерттелді деу ертерек. Жастардың ұлттық ойын арқылы дүниетанымын дамытуда оның маңызы мен мамзұнының атқарар рөлі зор.

Студенттің ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, іс-әрекеттегі амал-тәсілдері ой-сананың дамуына ықпал етсе, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етсе, осының бәрі тұтаса келіп жеке тұлғаның пішін болмысына, кісілік келбетіне, көзқарас нышандарының өркендеуіне жол ашады. Студенттің бүгінгі ойынынан бастау алған іс-әрекет, түсінік, таным, ұғым, әдеп, машық, дағды, мінез, қарым-қатынас нышандары дами-дами келіп, жеке тұлғаның тіршілігінен жалғасын тауып, олардың қоғамда атқаратын еңбегімен ұштасатындығы ақиқат. Оны - күнделікті өмір ағысы жан-жақты айқындап отырған бұлтарыссыз шындық. Осы тұрғыдан келгенде, әр саладан келіп тоғысатын күрделі мәселенің бірі – ойын туралы педагогика, психология, философия, медицина т.б. ғылым жүйесінде сан алуан зерттеулер, әр түрлі теориялық бағдарлар мен ғылыми топшылаулар, түрлі-түрлі қайшылықтар бар екендігі де белгілі. Әсіресе,

ойынның шығуы, дамуы, жүзеге асуы, танымдық түр сипатына байланысты мәселелер – педагогика тарихында талай ғасырдан бері толассыз сөз болып келе жатқан проблема.

Халқымыздың даму тарихына көз салсақ, әрбір заманның уақыт деңгейіндегі талап тілекке орай үйлесім тауып ойынның түрі, мән-мазмұны, ұйымдастыру жолдары тиісті дәрежеде өріс алып, дамып, өзгеріп, жетіліп отырған құбылыс. Әдетте, бала ересек адам өмірінен көрген, байқаған, сезім әрекеттеріне еліктеп, оны ойынға айналдырып және түрлі ойыншықтар мен заттарды пайдаланып ойнайды. Ойынға отбасындағы көрші-қоландағы өзі тетелес балалар, реті келсе, ересек адамдар да араласады. Біздің зерттеу объектіміз жоғары оқу орнында студенттердің ойын арқылы белсенділігін арттыру болғандықтан, оның педагогикалық заңдылықтары мен әлеуметтік мәнін аша отырып, тәрбиелік сипатын тиімді және халықтың ұлттық ойындары негізінде адамгершілік, мейірімділік әдептерін жастардың бойына сіңіру жолдарын айқындай түсу. Ойынның мән-мазмұны әлеуметтік, қоғамдық жағдайымен үндеседі. Заманның уақыт тілегі мен талабынан туатын қарым-қатынас, өмірдің өзінен бастау алатын еңбектің түрлі сипаттары, адамдардың ара-қатынасындағы бауырмалдық, өзара қамқорлық, жаһаттастық, дәстүр, салт-санадағы ізгіліктегі кісілік келбет бала ойынына әсерін тигізіп өміршен өзгерістерге түсіріп отыратын іс-әрекеттің ұйытқысы.

Ұлттық ойынның дамуы мен пайда болуына арналған ғылыми зерттеу жұмыстары әр саладан баршылық. Зерттеу мәселесімен педагогтар, философтар, психологтар, тарихшылар, этнографтар, өнер қайраткерлері т.б. шұғылданды.

Студенттердің өмірге белсенділігін қалыптастыру туралы айтылған даналық ойларға зейін қойсақ, алдымен бүкіл әлемнің ұстазы атанған әл-Фарабидің пікірлеріне жүгінеміз.

Алып ойдың кеніші - Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) дүниежүзілік ғылыммен, даналық болжамдарымен ықпал еткен ұлы ғалым. «Ақылдың мәні туралы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», т.б. еңбектерінің тағылымы мол. Әділдік инабаттылық, мейірім, жомарттық-адамгершілік көрсеткіші екендігі әр саладан баяндалған. Тәрбие мәселесінде өмірге белсенділік танытуды бірінші орынға қойды.

Адамды бақытқа жеткізетін даналық жол – қайырымдылық, имандылық, адамгершілік екендігін әр жақты дәлелдеді. Ал оған жетудің кілті тәлім-тәрбие, адамның өзін-өзі тежей білуі екендігін айтып: «...адамгершілікке негізделген татулық, жарасымдылық, келісе білушілік бақытқа қол жеткізеді. Бұл – қайырымдылық», - деп көрсетті ұлы бабамыз. Болашаққа үміт сеніммен қарау мен соған ұмтылу ешкімді жәбірлемей, ар-намысына тимей қарым-қатынас жасау - әділет жолы. Бұл қасиеттер тәрбие арқылы адам бойына сенетіндігіне сеніп, оған машықтанып, жаттығуды қолдады.

Адамда болуға тиісті ізгілік пен қайырымдылықтың өнегелі үлгісін данышпан бабамыз былай:

- тәні таза, дене бітімі мінсіз, өмірге бейім, икемділік;
- тиісті мәселенің жай-жапсарын ақиқат шындыққа сәйкес жете түсініп, ұғына білушілік;
- түсінгенін, көргенін, естігенін, аңғарғанын жадында сақтап ұмытпаушылық;
